


әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

негізгі қызмет түрі кітапханалық қызмет көрсету саласындағы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын ұйымдар; мемлекеттік меншіктегі және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын су қоймаларының, су тораптарының объектілері бойынша; Мүлік салығы меншікке салықтардың құрамына кіре отырып бюджетке түсімнің қомақты бөлігін қамтамасыз етеді, оны төмендегі суреттен көруге болады (1 сурет).



Сурет 1. Мүлік салығы бойынша ең көп түсім көрсететін облыстар, теңгемен[2].

Қорыта айтқанда, мүлік салығы мемлекеттік бюджетті қаржыландырудың және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Ол жергілікті бюджеттің кіріс бөлігін қамтамасыз етуде, инфрақұрылымдық жобалар мен әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруда басты рөл атқарады.

Әдебиеттер

1. <https://adilet.zan.kz/kaz>
2. <https://kgd.gov.kz/ru/content/dinamika-postupleniy-nalogov-i-platezhey-v-gosudarstvennyy-byudzheth-1>
3. <https://uchet.kz/tags/n/nalog-na-imushchestvo.html#2>

Қайыржанов А.М., 3 курс (Қарағанды Бөкетов университеті)

Ғылыми жетекші – э.ғ.к., профессор Курманалина А.К.

НЕСИЕЛІК ПОРТФЕЛЬ ТҮСІНІКТЕМЕСІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІ

Жеке және заңды тұлғаларға несие беру коммерциялық банктің негізгі кіріс көздерінің бірі болып табылады. Несиелік үрдісті сауатты ұйымдастыру көптеген тәуекелдердің пайда болуын болдырмауға және несиеге берілген ақша қаражатының ең шарықты деңгейі кірісті қамтамасыз етуге көмектеседі. Қарқынды өзгеретін банктік орта жағдайында несие берудің қалыптасқан қағидалары мен түрлері бойынша жұмыс істеу қиындай түсуде, өйткені бәсекелестерде неғұрлым тартымды ұсыныстар пайда болуда. Бірақ екінші деңгейлі банктер барлық талаптарды ұстанып қана қоймай, несиелердің қол жетімділігі мен олардың қайтарылу кепілі арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, барлық пайда болатын тәуекелдерге қашанда

дайын болу керек. Сондықтан несиелік портфельін таңдау бүгінгі таңда өте өзекті болып табылады.

Коммерциялық банк қызметінің маңызды элементтерінің бірі несиелік портфельді қалыптастыру болып табылады.

Банктің несиелік портфелі ұғымы экономикалық әдебиеттерде әр түрлі мағынада түсіндіріледі. Кейбір авторлар несиелік портфельін толық кеңінен түсіндіреді, оған банктің барлық қаржылық активтері мен тіпті міндеттемелері жатақызады, ал басқа авторлар қарастырылып отырған тұжырымдаманы тек несиелік операциялармен байланыстырады, ал үшінші авторлар несиелік портфельді элементтердің жіктелетін жиынтық деп қарастырады. [1].

«Банковское дело: базовые операции для клиентов» атты оқулық авторы А.М. Тавасиев несиелік портфельін банктің әр уақытта берген несиелер жиынтығы ретінде анықтайды. Бұл анықтамда несиелік портфельінің барлық ерекшеліктері көрсетілмейді. Мысалы, несиелер несиелік портфельінің жалғыз құрылымдық элементі емес.

О.И. Лаврушин несиелік портфельге келесі анықтама береді: несиелік портфель - бұл белгілі бір күнге коммерциялық банктің балансы бойынша несиелік қарыздың қалдығы. Бұл анықтамада несиелік ұғымының орнына «кредиторлық берешек» категориясы қолданылады, бұл неғұрлым қолайлы. Алайда, несиелік портфельінің екі маңызды сипаттамасы – құрылымы мен сапасы қарастырылмайды [2].

Несиелік портфельге клиенттердің несиелер бойынша берешегі ғана емес, сондай-ақ несиелік сипаттағы банктің әртүрлі талаптары: орналастырылған депозиттер, банкаралық несиелер; борыштық бағалы қағаздарды алуға (қайтаруға) қойылатын талаптар; ескерілген вексельдер; факторинг; мәмілелер бойынша сатып алынған құқықтар, ипотекалар, кепілдіктер, төленген аккредитивтер бойынша, қаржылық жалдау операциялары бойынша талаптар, кейінге қалдырылған активтер бойынша, бағалы қағаздарды кері сатумен операциялар бойынша [3].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, несиелік портфельінің мәні екі түрде қарастырылады. Біріншісінде - банк пен оның контрагенттері арасындағы несиелік сипаттағы талаптар түріндегі құнның қайтарымды қозғалысына қатысты қатынастар ретінде. Екіншісінде - белгілі бір белгілер негізінде сапа санаттары бойынша жіктелген несиелер, ескерілген вексельдер, банкаралық несиелер, депозиттер және несиелік сипаттағы басқа да талаптар түріндегі банк активтерінің жиынтығы ретінде.

Банктердің несиелік портфельдерді қалыптастыруы несиелік активтердің кездейсоқ бірігуі емес, табыстылық пен өтімділіктің оңтайлы деңгейін, сондай-ақ несиелер бойынша қолайлы тәуекел деңгейін қамтамасыз ету тұрғысынан несиелік талаптарды құрылымдау жөніндегі мақсатты қызмет болып табылады.

Несиелік портфельінің сапасы туралы түсінік сапа сөзінің түсіндірмесінен тарайды. Егер түсіндірме сөздікке жүгінетін болсақ, онда «сапа» - бұл, біріншіден, объектіні немесе құбылысты басқалардан ажырататын және оған сенімділік беретін маңызды белгілердің, қасиеттердің, ерекшеліктердің жиынтығы (бұл анықтама «сапа категориясы» ұғымына қолданылады); екіншіден, қадір-қасиетті анықтайтын сол немесе басқа қасиет немесе белгі бір нәрсе (бұл «қызмет сапасы» сияқты ұғыммен көбірек байланысты). Сондықтан құбылыстың сапасы оның басқа құбылыстардан айырмашылығын көрсетіп, оның қадір-қасиетін анықтауы керек.

Несиелік портфель мен банктің басқа портфельдерінің арасындағы сапалы айырмашылық несиелік және банктің маңызды қасиеттерінде жатыр:

- несиелік негізгі қасиеті-қатынастарға қатысушылар арасындағы құнның қайтарымды қозғалысы;

- банк қызметінің негізгі мақсаттары табыстылық пен өтімділікті қамтамасыз ету болып табылады [4].

Несиелік портфельіндегі ең үлкен үлес әдетте несиелерге қатысты, өйткені несиелік беру банктік қызметтің негізгі бағыты болып табылады. Қалған элементтер банктің несиелік берумен тікелей

байланысты емес басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруының нәтижесі болып табылады. Алайда олардың банк қызметіндегі рөлін бағаламауға болмайды.

Әдебиеттер

1. Банковское дело: стратегическое руководство под ред. Платонова В. и Хиггинса М. М.: Консалтбанкир, 2008.
2. Деньги, кредит, банки. Лаврушин О.И. электронный учебник. Режим доступа: <http://uchebnik-online.com>
3. Финансы, денежное обращение и кредит: учебник / под ред. Л.И. Юзвович, М.С. Марамыгина, Е.Г. Князевой.— Екатеринбург : Изд-во Урал. федер. ун-та, 2019.— 355 с.— ISBN 978-5-7996-2692-1.
4. Л.М. Сембиева Денежно-кредитное регулирование экономики – Учебное пособие – 2 том, Алматы, 2018. – 320 с.
5. Ж.М. Сейсенбаева, Н.Т. Кальбаева, С.Т. Сейтбекова Экономиканы ақша несиелік реттеу – Оқу құралы – Караганда, 2019. – 280 б.

Қайыржанов А.М., 3 курс (Қарағанды Бөкетов университеті)

Әбжан Қ., 3 курс (ЕНУ им. Л.Гумилева)

Ғылыми жетекші – э.ғ.д., профессор Искакова З.Д.

КОММЕРЦИЯЛҚ БАНКТИҢ НЕСИЕЛІК ПОРТФЕЛІНІҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

Несиелік портфель - бұл белгілі бір күнге коммерциялық банктің балансы бойынша несиелік қарыздың қалдығы. Экономикалық әдебиеттерде несиелік портфельді банктің белгілі бір белгілері негізінде жіктелген несиелер бойынша талаптарының жиынтығы ретінде анықталады. Шетелдік және отандық тәжірибеде қолданылатын осындай өлшемдердің бірі несиелік тәуекел дәрежесі болып табылады. Осы белгі бойынша несиелік портфельдің сапасы анықталады. Несиелік портфельдің сапасын талдау және бағалау банк менеджерлеріне оның несиелік операцияларын басқаруға мүмкіндік береді [8].

Несиелік портфельді басқарудың бірнеше кезеңдері бар:

- жеке несиенің сапасын бағалау белгілерін таңдау;
- тәуекел пайызын көрсете отырып негізгі несиелік топтарын анықтау;
- таңдалған белгілерге сүйене отырып, банк берген әрбір несиені бағалау, яғни оны тиісті топқа жатқызу;
- жіктелген несиелер бойынша несиелік портфельдің құрылымын анықтау;
- жалпы несиелік портфельдің сапасын бағалау;
- динамикадағы несиелік портфель құрылымының өзгеруіне әсер ететін факторларды талдау;
- банк несиелік портфельінің жиынтық тәуекеліне сәйкес резервтік қордың сомасын айқындау;
- несиелік портфельінің сапасын жақсарту бойынша шаралар әзірлеу.

Банктің несиелік портфельін басқарудағы негізгі мәселе - жеке несиенің сапасын бағалау белгілерін таңдау.

Шет елдердің нарықтық экономикасында несиелік қатынастар дамыған сайын несиелік сапасын бағалау белгілерінің ауқымы да кеңейді. Қазіргі уақытта ол 10-нан астам кезеңді қамтиды. Олардың негізгілерінің қатарына мыналар жатады: несиенің мақсаты мен түрі; оның мөлшері, мерзімі және өтеу тәртібі; клиенттің несиелік қабілеттілік дәрежесі, оның салалық тиесілігі және меншік нысаны; қарыз алушының банкпен қарым-қатынасының сипаты; ол туралы банктің хабардар болу дәрежесі; несиенің қайтарылуын қамтамасыз ету көлемі мен саны [9].